



ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді 16 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ел Тәуелсіздігінің арайлы ақ таңы атқанына биыл отыз бір жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде тарихымыз қайта парақталып, ұлттық рухымыз жаңғырды. Татулық пен тұрақтылық орныққан еліміз ынтымақ ұясына, бірліктің төріне айналды.

Тәуелсіздік күні — жас ғұмырын ел бостандығы үшін күреске арнаған боздақтардың жанкешті ерлігі мен қайсарлығын еске алатын қастерлі мереке. Сондықтан да бүгінгі күн — ата-бабамыз аңсаған арманы жүзеге асқан, елімізге ер-

кіндік сыйлаған Ұлы тарихи күн.

Осындай тәуелсіз ел болу мәртебесін көру — бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт деп білеміз.

Еліміздің Тәуелсіздігі күнімен тағы да баршаңызды шын жүректен құттықтай отырып, әр отбасына зор денсаулық, шаңырақтарына шаттық, берекелі бірлік тілейміз. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын.

Жаңа ғасырда қайта түлеген еліміздің болашағы баянды болғай!

*Приозерск қаласының әкімі
Сапар Сатаев
Приозерск қалалық
мәслихатының хатшысы
Бекзат Сәрсембеков*



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ САПАР САТАЕВ
ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСІП, ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗЕДІ

**Приозерск
қаласының әкімі
С.Қ. Сатаев
тұрғындармен
кездесіп, жеке
қабылдау
өткізеді**

Приозерск қаласының әкімі С.Қ. Сатаев 2022 жылдың 23 желтоқсан күні сағат 16.00-де тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Кездесу орны «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы.

Халықтан сұрақтармен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды.

Анықтама үшін телефон:
(8-71039)5-30-06

Электрондық пошта мекен-жайы:
Prio_akimat@krg.gov.kz

**Аким города
Приозерск
Сатаев С.К.
встретится с
жителями и
проведет
личный прием**

Аким города Приозерск Сатаев С.К. 23 декабря 2022 года в 16.00 ч. встретится с жителями и проведет личный прием.

Месте встречи ЦДЮТ «Достық». Для сбора вопросов и предложений от населения создана рабочая группа.

Телефон для справок:
(8-71039)5-30-06

Адрес электронной почты:
Prio_akimat@krg.gov.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ *Құрметті отандастар!*

1991 жылғы 16 желтоқсан – төл тарихымыздағы мерейлі белес. Бұл – егемен ел болуды аңсаған ата-баба арманы ақиқатқа айналған ұлы күн.

Тәуелсіздік күнінің айрықша мән-мағынасы бар. Азаттық үшін арпалысқан ұлт перзенттерін ел жадында мәңгі сақтау – қасиетті парызымыз. Олардың отаншылдық қасиеті – бүгінгі және болашақ ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге.

Біз тамыры терең мемлекетіміздің маңызды белестерін ұлықтап, ұлтты ұйыстыратын ортақ құндылықтарды нығайта береміз. Сол арқылы қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктете түсеміз.

Тәуелсіздік – баға жетпес байлық. Бәріміз оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мемлекетіміздің егемендігін, еліміздің амандығы мен жеріміздің тұтастығын қорғау – әр азаматтың қастерлі борышы. Биыл еліміз үшін бетбұрысты

жыл болды. Бұрын-соңды болмаған сын-қатерлермен бетпе-бет келдік. Елдігімізге іштен де, сырттан да зор қауіп төнді. Дегенмен мызғымас бірлік пен ырыс-ынтымақтың арқасында барлық қиындықты еңсеріп келеміз.

Біз ауқымды саяси және экономикалық реформаларды қолға алып, мемлекетімізді жаңғыртудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Бұл бастамаларды табысты жүзеге асыру – әрқайсымыздың қолымызда.

Егемен елімізді одан әрі дамыту – алдымызда тұрған басты міндет. Біз осы жолда аянбай еңбек етуіміз қажет. Сонда ғана Қазақстан қуатты мемлекетке айналады.

Баршаңызды бүгінгі ұлық мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Қазақстанымыз өркендей берсін!
Қасиетті Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық ком-

паниялардың жетекшілері қатысты.

Президент өз сөзінде еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланып, алда тұрған басты міндеттер айқындалатынын атап өтті.

Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында еліміздің жаңа даму бағдары айқындалғанын, азаматтардың табысын арттырып, өмір сапасын жақсартуға баса назар аударылатынын атап өтіп, ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесін көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ауыл мен қаланың ауқымында шешіле беретін тұрмыстық мәселелерді Үкіметтің деңгейінде қарауға мәжбүр болып отырмыз. Өйткені осы саладағы төтенше оқиғалар тым көп болып кетті. Петропавл, Теміртау, Степногорск, Балқаш, Қарағанды, Ақтөбе және Риддер қалаларында болған апаттардың ешқайсысынан әкімдер мен министрлер, әсіресе, меншік иелері тиісті қорытынды жасаған жоқ.

«ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫМЫЗ» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ



Биыл «Желтоқсан көтерілісіне» 36 жыл толады. Алайда арада ширек ғасыр өтсе де көтеріліс туралы ақиқаттан гөрі жұмбағы көп. Ширек ғасыр ішінде ресми биліктің, қоғамның және сол көтеріліске тікелей қатысқан немесе қатысы бар тұлғалар 15 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күніне орай қала әкімшілігінде «Бізғарлы желтоқсан» оқиғасының қатысушыларымен бірігіп, қала әкімі С. Қ. Сатаевтың қатысуымен дөңгелек үстел басына жиналды.



Дөңгелек үстел «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз» тақырыбына арналды. Оған желтоқсан оқиғаларының белсенділерімен қоса қалалық мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері және қалалық Ардагерлер Кеңесінің мүшелері, Тәуелсіздік құрдастары мен сондай-ақ жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. Дөңгелек үстелдің жұмысын қала әкімі Сапар Сатаев Қайыркенұлы ашып, өз құттықтау сөзімен қоса «Тәуелсіздік күні- бұл кешегі жастар, бүгінгі батырлардың ерлігін еске алатын қастерлі мереке» екендігін ескере отырып, сөз кезегін қаламыздың өркендеп, дамуына өз үлесін қосып жүрген жас басшы Ұлан Алмасұлына берді. Кейін сөз кезегі Желтоқсан оқиғасына қатысушы, «Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігінің бюро мүшесі - Ерлік Сәлімұлы Омаровқа және Қазақстан Республикасының құрметті азаматы, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Сайлау Смағұлұлы Қарабековке берді. Қатысушылар дөңгелек үстел барысында 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы тәуелсіздік пен Желтоқсан

оқиғасының бір – бірімен байланыста екені туралы атап өтіп, қанды оқиғаға қатысқан, болған жағдайдың куәгерлері болған азаматтар мен азаматшаларға, қазіргі күні тарихқа айналған оқиғаның бір бөлігімен бөлісті. Панар Айдарханқызы Желтоқсан құрбаны ретінде комсомол қатарынан шығарылғанын, осы уақытқа дейін құпия сақтап жүрген жазбасын көрсетіп, сол күні бастан кешкен уақиғасымен бөлісті. Тағы бір кейіпкеріміз Алма

Аманқызы алаңға шыққанда не бары 16 жаста болған екен. Кейіпкерлеріміздің әрқайсысы сол қаралы күндерді еске алғанда, еріксіз сезімдеріне ерік берді. Жиынға сонымен қатар 8 Тәуелсіздік құрдастары да қатысты. Оның ішінде Ерлан Бақбергенұлы еліміздің осы жылдар ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткізгеніміз жайлы әрі бұл оқиғалардың мемлекетіміз үшін зор сынақ болғандығы жайлы өз пікірін білдіріп, көшілікті бірлікке шақырып, болашақта да мемлекетімізді мызғымас бірлігіміз арқасында сақтап қалғанымыз жайлы айта кетіп, кездесу қатысушыларын Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Негізінен осы кездесу жастарға рух беріп, өз елінің патриоты болуға үн қосқандай болды. Және де іс-шара барысында қала басшысы сөз соңын «Көк аспанда желбіреген көк туымыз бұдан кейін ешқашан төмен түсірілмесін деп айтқым келеді. Байрағымыз мәңгілік желбіреп тұрсын» - деп қорытындылады және Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға естелік сыйлықтар мен гүл шоқтарын табыстады.

Айдархан Тоқжан Талғатбекқызы

Борьба с коррупцией – наш общий долг

Коррупция - явление столь же древнее, как и человеческая цивилизация. Менялись эпохи, возникали и исчезали государства, приходили и уходили правители, а коррупция оставалась как негативное по своей сути, многоликое, чрезвычайно живучее явление реальной жизни.

Коррупция может быть отнесена к одному из самых опасных и всепроникающих социальных негативных явлений, представляющих угрозу национальной безопасности, ее пагубное воздействие ощущается в любой стране, независимо от государственного устройства и традиций. Полностью искоренить коррупцию не удалось ни одному государству, но снижение порога коррупционности общества возможно.

На протяжении последних лет противодействию коррупции в Казахстане уделяется большое внимание на всех уровнях государственного управления. Цель борьбы и предотвращения коррупции закреплена в многочисленных документах о государственной политике, в том числе в ежегодных посланиях Президента. В Приозерском городском управлении казначейства также ведется работа согласно утвержденному Плану мероприятий по противодействию коррупции Департамента казначейства по Карагандинской области Комитета казначейства Министерства финансов Республики Казахстан. В управлении функционирует телефон доверия. С работниками управления на регулярной основе проводятся занятия по изучению антикоррупционного законодательства.

На мой взгляд, еще более эффек-

тивным средством против коррупции является автоматизация государственных услуг и исключение человеческого фактора из процесса принятия решений. Это сразу снижает саму возможность возникновения коррупционных рисков. И по мере развития электронного правительства в Казахстане ситуация улучшается. В рамках совершенствования Казначейской системы в Стратегическом плане Министерства финансов было предусмотрено и успешно реализовано внедрение электронного документооборота с государственными учреждениями посредством информационной системы «Казначейство-Клиент». Это позволило ускорить процедуры предоставления услуг государственным органам, а также свести к нулю все возможные предпосылки для проявления каких-либо коррупционных факторов.

Вместе с тем борьба с коррупцией должна вестись не только карательными методами, необходима информационно-воспитательная работа среди населения, направленная на пропаганду правового воспитания и неприятие различных форм коррупционных деяний.

Каждый человек должен осознавать, что борьба с коррупцией – не только прерогатива государства, но и гражданский долг каждого здравомыслящего, дееспособного члена общества. Только объединив усилия, мы, казахстанцы, можем победить социальное зло - коррупцию.

*С.Баймаганбетов –
руководитель Приозерского
городского управления
казначейства*

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық бүгінге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күресу болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлықпен жиі бетпе бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, кәсі-

би әдептілік ұстанымының төмен болуы, құқық бұзушылықтарға неқұрайлылық танытуы, жеке басының қамын ойлауы жемқорлықтың дендеуіне әсерін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Сот жүйесі де, осы аталған арыз шағымдарды әділ қарап, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндет деп санайды.

*Приозерск қалалық сотының
аға сот
приставы
Назар А.С.*

1986-жылғы 16-желтоқсанда Алматы қаласында кеңестік жүйенің әділетсіздігіне қарсы шығып, жазықсыз қудаланып, қаза тапқан боздақтардың рухына арналады.



БОЗДАҚТАРДЫ ҰМЫТПА...

Он алтыншы желтоқсан...
Дәл осыдан отыз алты жыл
бұрында...
Қару алған қарақшылар жол
тосқан.

Аш қасқырдайын жаңа түскен
жылымға,
Қанды кешіп жабысыпты
бұрымға.

Алаң маңы...
Өңшең қыз бен жігіттер,
Егемендік ертеңінен үміткер.
Бейбітшілік әнін шырқап келеді,
Әділдік бар қоғамда деп сенеді,
Бірақ, бірақ... жаңылысқан жері
еді...

Алдарына керіп қойып
тосқауыл,
Ажал шашқан зеңбіректі тосты
ауыр.
Соққылады беті, көзі, басына,
Қарамады әйел, еркек, жасына.

Қан-жоса ғып алаңдағы ақ
қарды,
Шын жендеттік борыштарын
атқарды.
Жеткіншектің шырқырады
шыбыны,
Арулардың ары аяққа тапталды.

Қалып жатты қар үстінде ұйып
қан,
Қайда әділдік...
Қалың елді ұйытқан?
Безбүйректі өңшең бек пен
төрелер,
Мінбесінде күліп тұрды
миықтан.

Көздерінде жауыққан бір айбат
бар,
дегендейін, «бәрің-бәрің жайрап
қал».
«Өз еліме еркіндік бер», деп
келген,
Сұлап жатты Сәбиралар,
Қайраттар.

Қазақ үшін болып келген

албасты,
Жазалаулар неше күнге
жалғасты.
Қырды, жойды, зұлымдықпен
жаншыды,
Ал, шындықты – жаңа жауған
қар басты.

Ол жүйеге аяғында тұрған нық,
Жастар қаны көрінбейді бір
малдық.
Арман еткен азат күнді көре
алмай,
«Еркек тоқты» болып кетті құр
бандық.

Желтоқсанның бұл бір ғана елесі,
Әділдік деп, жастар көрді көресі.
Талайларын абақтыға тоғытып,
Талайының сайда қалды денесі.

Бұл бір шара елге
қылған қастандық,
Бөтен мінез көрсетпеген жастар
түк.
Сендер жасап жатқан балам
бүгінгі,
Осылайша қанмен келген
бостандық.

Бүгін міне, жаңа заман, жас
халық,
(Қайрат жатыр қара жерді
жастанып).
Бірақ-бірақ, өткен күнді
ұмытпай,
Тұралықшы боздақтарды еске
алып.

Ұмытпағын, құлыным:
Желтоқсанның ызғарын,
Жүрекке қатқан мұздарын,
Қату қабақ сыздарын.
Жасөспірім қазақтың,
Шейіт болған ұлдарын,
Қаракөзді қыздарын!..

Ұмытпағын, құлыным:
Қайғы жапқан қаланы,
Қанға бөккен даланы,
Қасың жапқан жаланы.
Қылбұрауға түскенде,
Шырылдаған баланы,
Шырағынан айрылып,
Аңыраған ананы!..

Ұмытпағын құлыным:
Егемендік бер деген,
Отан деген, ел деген,
Қызық өмір көрмеген.
Тасқа тиіп маңдайы,
Желтоқсанда шөлдеген,
Бірақ намыс бермеген,
Қыршындарын қазақтың...
Ұмытпағын, құлыным!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ҚАУІПТІ КЕСЕЛ ҚАУЛАП КЕТПЕСІН

Еліміздің батысынан діни экстремистердің оқтын-оқтын бас көтеруі елдің басшыларын ғана емес, қарапайым халықты, барша азаматтарды ойландырып отыр. Көптің көкейінде «Экстремизм мен терроризмге қарсы Қазақстанда атқарылып жатқан іс-шаралар жеткіліксіз болғаны ма?» - деген сұрақ ұялап, ұлттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілу деңгейіне алаңдаушылық белең алды. Ақтөбедегі оқиға экстремизм мен терроризмнің алдын алу, бұл келеңсіз кеселдермен күресудің әдіс-тәсілдерін қайта қарап, жетілдіру қажеттігін дәлелдеп берді. Қазақстандық антитеррористік саясаттың кемшіліктері де айқындалды: біріншіден, экстремизм мен терроризмнің зардаптарымен күресуге күш салынып, оны туындаушы көптеген алғышарттарға жеткілікті мән берілмеуі; екіншіден, экстремизмге бой алдыру мен террорлық әрекет жасаудың себептерін жойып, олардың алдын алу жұмыстарын кешенді жүргізудің назардан тыс қалуы. Ақтөбедегі көзі жойылған лаңкестер негізінен өрімдей жастар екенін газеттен оқып, теледидардан көріп байқадық. Өмірдің қызығын көріп, арман қуатын шақтарында, аталарымыз «Қайран жиырма бес» деп әнге қосқандай, ойнап-күліп, сал-серілік құратын жастарында ақтөбелік жастарымыз неге жанкештілік жасап, қолдарына қару алып, қанды қылмысқа барып жатыр деп еріксіз қынжыласың. Ақтөбедегі жастардың экстремистік жалған діни ілімдерге бас ұруы Қазақстандағы жастар саясатының қателігін, жастардың арасында шешімі табылмаған әлеуметтік-экономикалық проблемалардың көп екенін, мемлекеттік деңгейдегі ұлттық идеологиялық жұмыстың әлсіздігін, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік пен жіктелудің тереңдеуін, ақпараттық саясаттың осалдығын дәлелдеп берді. Қазір Қазақстанның ауыл-аймақтағы жастардың хал-ахуалы қиын екені баршамызға белгілі. Ауыл жастарының арасында жұмыссыздық өршіп тұр, «екі қолға бір күрек» деп сабылып, қалаға жұмыс іздеп келетін жастар мындап саналады. Қалаға келгенде дайын тұрған жұмыс қане? Не үйі жоқ, не күйі жоқ, жарытып жалақы алатын жұмысы да жоқ... Ақырында, әл-ауқаты төмен жастар тығырыққа тіреліп, түрлі теріс жолдарға түседі: біреулері маскүнемдік пен нашақорлыққа ұрынады, екіншілері ары мен тәнін сатып, ұрлық-қарлық жасап, қылмыстық жолға түссе, үшіншілері психикалық күйзеліске ұшырап, түрлі діни ағымдардан «көңілге жұбаныш іздейді», ақырында экстремистердің қатарына қалай қосылғанын білмей қалады.

Бұған қоса, байлығы мен билігі барлардың балалары шалқып өмір сүріп, үрлеп ішіп, шайқап төгіп жүргенін көрген кедей отбасынан шыққан жастар ашынбайды дейсіз бе? Әлеуметтік жіктелудің тереңдеуі, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздіктің артуы, заңдылықтың сақталмауы да наразылық көңіл-күйді өршітеді, экстремизмнің туындауына қосалқы алғы-

шарттар туындатады. Ащы да болса шындығын айтуымыз керек, еліміздегі жастардың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалы жақсармайынша, жастар арасындағы деградациялану мен маргиналданду процестері үздіксіз жалғасатын болады, бүгін бір топ жастарды «экстремист» деп түрмеге қамап, «террорист» деп атып тастағанымызбен, бұл шаралар ешбір нәтиже бермейді, ертең олардың орнына басқа жастар келеді. Сол үшін жастарға білім беру, жұмыспен қамту, шағын бизнеспен айналысуына барынша қолайлы жағдайлар жасау, өзінің кәсіпкерлік қабілетін жүзеге асыруына қолдау көрсетуді мемлекеттік деңгейде қолға алуымыз қажет.

Жастар саясатында жасалған үлкен кемшілік – жастардың бос уақытын өткізуі назардан тыс қалып отыр. Жастарды өнер мен шығармашылыққа баулитын орталықтар қалалардың өзінде жетіспейді, ауылдық жерлерде мүлдем жоқ десек те болады. Спорттық үйірмелер, спорт залдары ақылы қызмет көрсетуге көшкен, ауыл-аймақтарда спортпен айналысуға мүмкіндіктер тіптен аз. Ата-аналардың көпшілігі балаларының бос уақытын ұтымды үйлестіруге дәрменсіз. Жастарды негізінен «көше мәдениеті» тәрбиелеуде. Одан қалды, жастардың бос уақыты негізінен интернет кеңістігінде қаңғу мен әлеуметтік желілерге маталып, шатасумен өтуде. Интернет пен әлеуметтік желілерді бақылап жатқан ешкім жоқ. Виртуалды әлемде сенделіп жүріп, жастар адасады, рухани азғындалады. Жалпы, ақпараттық қауіпсіздігімізге төнетін бұдан өзге де қауіп-қатерлер жетіп артылады.

Қорыта келе айтарымыз, сол, жастар саясатын құр ұрандаумен өткізбей, нақты істерге қарай бағыттауымыз керек. Әсіресе, жастардың бос уақытын мазмұнды етіп ұйымдастыру мемлекеттік деңгейден бастап, жергілікті жерлерде басымдыққа айналуы қажет. Ынталы жастарымыз қолы бос уақыттарында шығармашылықпен, өнермен, спортпен тегін айналысуына мүмкіндік жасап бере алмаймыз ба? Жемқорларымыз бюджет қаржысын миллиардтап жымқырып жатыр, ал жастарымыз азып-тозып, қаңғып жүр... Қалада аула спорттың, жергілікті жерлерде ауыл спорттың дамығанын қарапайым ғана спорт алаңдарын жасап, кітапхана жүйесін қайта жаңғыртып, өнерге баулу, музыка мен шығармашылыққа тәрбиелеуді жүйелі түрде қолға алатын кез келді. Мәселенің төркінін айтар болсақ, экстремизм мен терроризмнің алдын алу мен оларға қарсы күресу кешенді іс-шаралар мен әдіс-тәсілдердің жиынтығын құрайды. Бұл бағытта тек арнаулы қызмет пен күштеу органдарына ғана сүйену ешбір нәтиже бермесі анық. Жан-жақты әлеуметтік-экономикалық саясат, жастар саясаты, идеологиялық, ақпараттық, мәдени саясат, спортты дамыту, ұлттық тәлім-тәрбие беру, жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын мән-мағыналы әрі қызықты ұйымдастыру сияқты мәселелер оң шешімін табуы қажет. Сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!.

Н.ҚАРАБЕКТЕГІ

«Светское государство: понятие, сущность и признаки»

Светскость - это признание и уважение разнообразия религиозных и иных убеждений каждого человека. В светском государстве религия имеет свое место, и принцип разделения религии и государства, она не отделена от жизни общества. Религия является одним из важнейших факторов внутренней политики, культуры и духовной жизни общества. Светское государство также регулирует деятельность религиозных объединений, так как они являются неотъемлемой частью гражданского общества. Ведь риски возникновения межрелигиозных разногласий и нетерпимости не только является угрозой для согласия в государстве и обществе, также она представляет непосредственную угрозу для прав и свобод граждан. По этой причине государственно-конфессиональные отношения основаны на диалоге, взаимопонимании и взаимосотрудничестве. Это является залогом стабильности и безопасности в стране.

Сегодня, правовые основы свободы вероисповедания и убеждений граждан в светских государствах в корне отличаются от правовых основ аналогичных сфер в теократических государствах. Данные основы в первую очередь происходят от принципа отделения религии от государства. Например, светскость определяется наличием юридического понятия как свобода совести, которая является более широким понятием нежели свобода выбора религии, и охватывает в том числе свободу выбора мировоззрения вне религиозных убеждений. В светских государствах правительство, закрепляя за гражданами эти права и свободы, обязуется защищать его; в отношениях с гражданами и общественными объединениями государство не ставит во главе угла их религиозные убеждения и прежде всего руководствуется принципами гражданского равенства; религия отстраняется от процесса создания и продвижения государственной политики; «религиозный аспект» сохраняется в общественной и частной жизни граждан; государство не полагается и не руководствуется религиозными и

теологическими принципами в своей внутренней и внешней политике; государственные и религиозные права отделяются друг от друга, и при решении социально-правовых и гражданских противоречий судьи и правозащитные организации руководствуются государственными законами; в свою очередь религиозные права в значительной степени применяются в рамках религиозных объединений, на которых не возлагаются функции и обязанности государственных органов и органов местного самоуправления.

Стоит отметить, что светскость не подразумевает отказ или отрицание религиозных ценностей, а лишь декларирует, что правительство руководствуется не религиозными, а правовыми нормами государства, а отношение государства к вопросам религии и свободы вероисповедания характеризуется демократичностью. Понятие «светскость» на конституционной основе означает, что государство имеет четкую, прозрачную политику во всех сферах, включая религию, обеспечивает свободу совести.

Грань между религиозностью человека и пагубным радикализмом лежит в правильном понимании идеалов светского общества. Продвижение и укрепление принципа светскости залог сохранения высокой религиозной культуры и согласия в обществе. Это ведет к пониманию сути религиозных ценностей, а ее принятие гражданским обществом выстраивает понимание грани между религиозностью и фанатизмом. Продвижение принципа светскости в обществе никак не означает ослабление роли религии, а на против укрепляет ее роль подерживая и защищая свободу вероисповедания и свободу убеждений на равноправных условиях для всех субъектов гражданского общества.

Батыл Б.
Специалист отдела
внутренней
политики, культуры и
развития языков г.Приозерск

«Конфессияаралық татулық – тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кепілі»



Бейбітшілік пен татулықты тұрақты болуына үлкен назар аударған. Бұл - бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның басты қағидасына және тәуелсіздіктің негізіне айналды. Дінаралық келісімге қол жеткізудің тетігі – шынайы діндердің табиғатындағы үндестік. Кез келген діннің жалпы адамзаттық құндылықтарды, этика, эстетика, ғылымның іргетасын құрауы адамдардың өзара түсінісуі мен бейбіт өмірге жол аша түседі. Діндер арасындағы татулық пен келісім – рухани қажеттіліктерді өтеп, адамзаттық құндылықтардың салтанат құруына негіз болады.

Мәдениеттер мен діндердің өзара түсіністігі – тұрақтылық пен қауіпсіздікке кепіл болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Мәдениеттердің бір-біріне игі ықпалы, имандылық пен парасаттылық, тектілік пен зиялылық арқылы адамзат өркениеті ілгері басатыны анық. Мәдениеттер мен діндер арасындағы татулық пен өзара түсіністік – ұлттар мен ұлыстар қақтығысын болдырмаудың, яғни қауіпсіздіктің басты құралы. Қорыта келгенде айтарым, конфессияаралық келісім – адамдардың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға, қоғам мүшелерін құрметтеп, барлығына мейіріммен қарауға, бейбіт өмірді қамтамасыз етуге, тұрақтылық пен тыныштықты орнатуға негізделген ұлы ұғым.

Ермагамбетов А.Е.

Приозерск қаласының криминалдық полиция тобының жедел уәкілі, полиция лейтенанты

Приозерск қаласының криминалдық полиция тобының жедел уәкілі, полиция лейтенанты

Приозерск қаласының криминалдық полиция тобының жедел уәкілі, полиция лейтенанты

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №24/24, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.